

## 2011 жылдың қаңтар - наурыз айларында 1994 жылы туылған азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеу туралы

Жаңаөзен қаласының әкімінің 2010 жылғы 24 желтосандағы № 196 шешімі. Жаңаөзен қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 25 қаңтарда № 11-2-158 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына сәйкес, **ШЕШЕМІН:**

1. 1994 жылы туған азаматтарды шақыру учаскелерінде тіркеу 2011 жылдың қаңтар – наурыз айларында жүргізілсін.

2. Шақыру учаскесі қалалық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің базасында ұйымдастырылсын.

3. Село, ауыл әкімдері және ұйым басшыларына:

1) 1994 жылы туған және бұдан бұрын тексеруден өтпеген азаматтардың қалалық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің шақыру учаскесіне белгіленген мерзімде келуін қамтамасыз етсін.

4. «Жаңаөзен қалалық орталық аурухана» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (Әлқуатов Т.О.), «Жаңаөзен қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (Бекназаров С.С.) төмендегі қызметтерді іске асыру ұсынылсын:

1) 1994 жылы туған азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеу кезінде медициналық куәландыру комиссиясына тәжірибесі мол маман - дәрігерлерді қатыстыру;

2) 2011 жылдың қаңтар – наурыз айларында шақыру учаскесіне тіркеуге алынатын азаматтардың флюорографиядан, электрокардиограммадан өтуін, анализдер тапсыруын, қан құрамын айыруын қамтамасыз ету;

3) азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеу комиссиясының маман дәрігерлерін қажетті дәрігерлік аспаптармен, рентгенпенкамен, флюорографияға, электрокардиограммаға арналған қағазбен қамтамасыз ету;

4) созылмалы аурулар бойынша диспансерлік есепте тұрғандардың тізімдерін, денсаулық жағдайын сипаттайтын ауру тарихының көшірмесін, дәрігерлік тексерулер мен диспансерлік бақылау мәліметтерін;

5) дәрігерлік амбулаториялық карталарын қорғаныс істері жөніндегі бөліміне 2011 жылдың қаңтар айына дейін тапсыру, комиссия жолдаған азаматтарды кезектен тыс амбулаториялық және стационарлық тексеруден өткізу.

5. Жаңаөзен қаласының ішкі істер бөліміне (Хожаев М.Ж.) төмендегі қызметтерді

і с к е

а с ы р у

ұ с ы н ы л с ы н :

1) азаматтардың тіркеу учаскелеріне келуін бақылауды қадағалау және олардың тіркеуден жалтару әрекеттерінің жолын кесу, шақыру учаскесінде реттілік пен тәртіпті қ а м т а м а с ы з е т у .

6. Жаңаөзен қалалық білім бөлімі (Құлатай Ы.Қ.) орта және арнаулы білім беру мекемелерінің басшылары 1994 жылы туған жасөспірімдердің тіркеуге толық қ а т ы с у ы н қ а м т а м а с ы з е т с і н .

7. Жаңаөзен қалалық қаржылар бөлімі (Жантлеуова Р.Қ.) азаматтарды тіркеуді жүргізуге байланысты шығындарды 2011 жылға арналған қалалық бюджетте қаралған қаражаттың есебінен жүзеге асырсын.

8. Азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеу кезінде әскери оқу орындарына үміткерлерді іріктеу мақсатындағы жұмыстарын жүргізу және тіркеуден өткізу барысында оларды Қарулы Күштер қатарына қызмет етуге дайындау қорытындысы туралы хабарламаны қала әкіміне жазбаша түсіру қалалық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне (Қоңқаев Д.Т.) ұсынылсын.

9. Осы шешімнің орындалсын бақылау қала әкімінің орынбасары Қ.Қ. Боранбаеваға ж ү к т е л с і н .

10. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күннен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

О. Сарбөпеев

К Е Л І С І Л Д І :

Қ . Боранбаева

Б. Шырақбаев

Жаңаөзен қалалық білім бөлімінің бастығы  
Ы . Қ ұ л а т а й

24 желтоқсан 2010ж.

«Жаңаөзен қалалық орталық аурухана»  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық  
кәсіпорынның бас дәрігері  
Т . Ә л қ у а т о в

24 желтоқсан 2010ж.

«Жаңаөзен қалалық емхана»  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық  
кәсіпорынның бас дәрігері  
С . Б е к н а з а р о в

24 желтоқсан 2010ж.

Жаңаөзен қалалық ішкі істер бөлімінің бастығы  
М . Х о ж а е в

24 желтоқсан 2010ж.

Жаңаөзен қалалық қаржы бөлімінің бастығы  
Р . Ж а н т л е у о в а

24 желтоқсан 2010ж.

Жаңаөзен қаласының қорғаныс істері  
жөніндегі бөлімінің бастығы  
Д . Қ о ң қ а е в

24 желтоқсан 2010ж.

Қызылсай селосының әкімі  
Н . Т е м і р б а е в

24 желтоқсан 2010ж.

Теңге ауылының әкімі  
Б . А с г е р о в

24 желтоқсан 2010ж.